

**"Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2007 жылғы 21 мамырдағы N 254-III Қазақстан Республикасы Заңының қабылдануына байланысты Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларын түсіндіру туралы**

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2007 жылғы 18 маусымдағы N 7 Нормативтік қаулысы

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі, Төраға И.И.Рогов, Кеңес мүшелері Х.Ә.Әбішев, Қ.Ж.Балтабаев, Н.В.Белоруков, С.Ф.Бычкова, А.М.Нұрмағамбетов, Ү.М.Стамқұлов қатысқан құрамда, мыналардың:

өтініш субъектісінің өкілі - Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Н.Т.Рүстемовтің,

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының өкілі - Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Қ.Ахметовтың,

Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілі - Қазақстан Республикасының Әділет вице-министрі Д.Р.Құсдәулетовтың,

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының өкілі - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының орынбасары А.Қ.Дауылбаевтың,

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының өкілі - Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары В.К.Фоостың қ а т ы с у ы м е н ,

өзінің ашық отырысында Қазақстан Республикасы Парламентінің бір топ депутаттарының "Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2007 жылғы 21 мамырдағы N 254-III Қазақстан Республикасы Заңының қабылдануына байланысты Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларын ресми түсіндіру туралы өтінішін қарады.

Баяндамашы - Конституциялық Кеңестің мүшесі

А.М. Нұрмағамбетовтың хабарлауын, отырысқа қатысушылардың сөздерін тыңдап, конституциялық іс жүргізу материалдарын зерделеп, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі мынаны

**анықтады:**

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесіне 2007 жылғы 7 маусымда Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің 47 депутаты қол қойған, "Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2007 жылғы 21 мамырдағы N 254-III Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) қабылдануына байланысты Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларын

ресми түсіндіру туралы өтініш келіп түсті.

Республиканың Конституциясына мемлекеттік билік органдары арасындағы өзара қарым-қатынастарға, оларды қалыптастыру тәртібіне және өзге де бірқатар мәселелерге қатысты өзгерістер мен толықтыруларды енгізген Заңның қабылдануы Конституциялық Кеңеске жүгінуге себеп болған.

Өтініш субъектісі Заңның 2-бабы 1-тармағының ережелерін ескере отырып, Конституцияның Парламент пен оның Палаталарының өкілеттігін, оларды қалыптастыру тәртібін айқындайтын нормаларына ресми түсіндірме беруді және осы орайда мынадай сұрақтарға жауап қайтаруды сұрайды:

"1) Қазақстан Республикасының Конституциясы Республика Парламентінің қазіргі құрамына жаңа конституциялық өкілеттіктерді алуға және іске асыруға мүмкіндік бере ме және егер беретін болса, қандай бөлігінде және Парламент Палаталарының екеуіне д е м е ;

2) Парламент Мәжілісі Конституцияның жаңа тиісті нормаларын жедел қолданысқа енгізу мақсатында өзін-өзі тарату туралы дербес мәлімдеуге құқылы ма, егер олай болмаса, Мемлекет басшысы Парламент Мәжілісін тарату жөніндегі өзінің конституциялық өкілеттігін пайдалануға құқылы ма;

3) қазіргі сайланған Парламент Мәжілісін тарату "Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2007 жылғы 21 мамырдағы N 254-III Қазақстан Республикасы Заңының 2-бабында көзделген, Конституцияның Парламент депутаттары сияқты лауазымды адамдарға өкілеттік берудің жаңа тәртібін белгілеу мүмкіндігін белгілейтін және көздейтін нормаларын қолданысқа енгізу үшін негіз бола ма. Егер олай болса, төртінші сайланатын Парламент Мәжілісі сайланғаннан және төртінші сайланатын Қазақстан Республикасы Парламентінің бірінші сессиясының жұмысы басталғаннан кейін Республика Парламентіне жаңа конституциялық өкілеттіктер беріле ме".

Конституциялық Кеңестің отырысы барысында өтініш субъектісінің өкілі " Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 21-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына және 3-бабының 1) тармақшасына сәйкес мынаны түсіндіріп беруді сұрап, ауызша өтініш мәлімдеді: " Егер Мәжілістің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылатын болса, Сенаттың қазіргі қызмет істеп тұрған құрамы Мәжіліс уақытша болмаған кезеңде Қазақстан Республикасы Парламентінің конституциялық заңдар мен заңдар қабылдау жөніндегі функцияларын орындауға хақылы ма?".

Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларын ресми түсіндірген кезде Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі мынаны негізге алды.

1. Заңмен, басқаларымен қатар, Конституцияның "Парламент" деп аталатын IV бөліміне Парламент Палаталарын қалыптастырудың жаңа

тәртібін, олардың депутаттарының санын ұлғайтуды, Парламент пен оның Палаталарының өкілеттіктеріндегі өзгерістерді көздейтін өзгерістер мен толықтырулар е н г і з і л д і .

Мәселен, Заңда Президенттің Парламент Мәжілісінің келісімімен Премьер-Министрді қызметке тағайындау, Мәжілістің және Парламенттің Үкіметке сенімсіздік білдіру рәсімі белгіленіп, Мәжілістің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылуына байланысты, ол уақытша болмаған кезеңде Сенаттың Республика Парламентінің конституциялық заңдар мен заңдар қабылдау жөніндегі функцияларын орындау жөніндегі құқығы бекітіледі.

Заңның 2 және 3-баптарында Конституцияның осы көрсетілген ережелерін қолданысқа енгізудің тәртібін айқындайтын нормалар берілген. Заңның 2-бабының 1-тармағына сай Қазақстан Республикасының Парламенті мен оның Палаталары осы Заңда өздері үшін көзделген конституциялық өкілеттіктерді үшінші сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің өкілеттік мерзімі аяқталған соң алады .

Осы норма Парламент пен оның Палаталарының өздеріне Заңмен берілген жаңа конституциялық өкілеттіктер алу уақытын, - үшінші сайланған Парламент Мәжілісінің өкілеттік мерзімі аяқталу сәтін белгілейді. Осы көрсетілген сәт келгенге дейін Парламент пен оның Палаталары жаңа құқықтар мен міндеттер ала алмайды және оларды жүзеге асыра алмайды. Бұл сондай-ақ, лауазымды адамдарға өкілеттік берудің жаңа тәртібіне де қатысты болады, егер осы адамдардың орнын басу рәсіміне Парламенттің немесе оның Палаталарының қатысуы кіретін болса (келісім беру, тағайындау, сайлау), оның қолданысқа енгізілуі осы лауазымды адамдардың өкілеттік мерзімі аяқталуына немесе өкілеттіктерінің тоқтатылуына қарай көзделген (Заңның 2-бабының 2-тармағы) .

Бұл жазылғандар, Парламенттің және оның Палаталарының жаңа конституциялық өкілеттіктер алуын Заң үшінші сайланған Парламент Мәжілісінің өкілеттік мерзімі аяқталуымен байланыстыратынын айғақтайды. Демек, Парламент Мәжілісінің қазіргі қызмет істеп тұрған құрамы кезінде тұтас алғанда Парламент те, оның Палаталары да ешқандай бөлігінде жаңа өкілеттіктер ала алмайды және оларды жүзеге асыра алмайды.

2. Конституцияның 49-бабы 2 және 3-тармақтарының, 55-бабы 5) тармақшасының және 63-бабының мазмұнынан, Парламент Мәжілісінің өкілеттік мерзімі мынадай жағдайларда аяқталуы мүмкін екендігі келіп шығады: конституциялық өкілеттік мерзімі аяқталуы; Парламент немесе Парламент Мәжілісі таратылған кезде өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылуы .

Республика Конституциясының 49-бабының 2-тармағында "Парламенттің өкілеттігі оның бірінші сессиясы ашылған сәттен басталып, жаңадан сайланған Парламенттің бірінші сессиясы жұмысқа кіріскен кезде аяқталады" деп белгіленген.

Осы конституциялық ереже негізінде үшінші шақырылған Парламент Мәжілісінің өкілеттігі оның бірінші сессиясы ашылған күннен - 2004 жылғы 3 қарашадан басталды ("Үшінші шақырылған Қазақстан Республикасы Парламентінің бірінші сессиясын шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 1 қарашадағы N 1465 Жарлығы ) және жаңа (төртінші) шақырылған Парламенттің бірінші сессиясының жұмысы басталуымен аяқталады.

Парламенттің немесе Парламент Мәжілісінің таратылуы салдарынан Парламент Мәжілісінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін. Мәселен, Конституцияның 52-бабының 5-тармағында "Парламент және Парламент Мәжілісі депутаттарының өкілеттігі тиісінше Парламент немесе Парламент Мәжілісі таратылған жағдайда тоқтатылады" деп көрсетілген. Бұл жазылғаннан келіп шығатыны, Парламенттің немесе Парламент Мәжілісінің таратылуы тұтас алғанда Парламент депутаттарының не Парламент Мәжілісі депутаттарының өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылғанын білдіреді.

Конституцияның 63-бабы 1-тармағының жаңа редакциясына сәйкес Республика Президенті міндетті конституциялық рәсім сақталған кезде - Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының төрағаларымен және Премьер-Министрімен консультациялардан кейін Парламентті немесе Парламент Мәжілісін таратуға хақылы. Бұл, Республика Президентінің Парламентті немесе Парламент Мәжілісін таратуға ерекше құқығы бар дегенді білдіреді. Парламентті және Парламент Мәжілісін төтенше немесе соғыс жағдайы кезеңінде, Президент өкілеттігінің соңғы алты айында, сондай-ақ осының алдындағы таратудан кейінгі бір жыл ішінде ғана таратуға болмайды (Конституцияның 63-бабының 2-тармағы).

Парламент немесе Парламент Мәжілісі таратылған кезде, Конституцияның 44-бабының 2) тармақшасына сай, Республика Президенті Республика Парламентіне және оның Палатасына кезектен тыс сайлау тағайындайды. Конституцияның 51-бабының 3-тармағында, Парламент немесе Парламент Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауы тиісінше Парламент немесе Парламент Мәжілісінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған күннен бастап екі ай ішінде өткізіледі, деп белгіленген. Бұл ретте, кезектен тыс сайлау Парламент депутаттарына өкілеттік берудің жаңа тәртібіне сәйкес өткізілуге тиіс. Оларды сайлау (тағайындау) Парламент Сенаты мен Мәжілісінің саны жағынан құрамы өзгеруін ескере отырып іске асырылады.

Үшінші шақырылған Парламент Мәжілісі таратылған жағдайда, Парламент Сенаты Заңның редакциясындағы Конституцияның 55-бабында көзделген өкілеттіктерді алады. Атап айтқанда Сенат Мәжілістің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылуына байланысты, ол уақытша болмаған кезеңде Республика Парламентінің конституциялық заңдар мен заңдар қабылдау жөніндегі функцияларын орындайды. Төртінші сайланған Парламенттің бірінші сессиясының жұмысы басталуымен Парламент пен оның Палаталарына жаңа конституциялық өкілеттіктер толық көлемінде беріледі.

3. Конституцияға жасалған талдау көрсеткеніндей, оның нормалары өзін-өзі таратуды Парламенттің немесе Парламент Мәжілісінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға негіз ретінде көздемейді. Конституцияда жергілікті өкілді органдар - мәслихаттардың ғана өзін-өзі тарату туралы шешім қабылдауы мүмкін екендігі белгіленген (Конституцияның 86-бабының 5-тармағы).

Қазақстан Республикасының Конституциясында Парламенттің және оның Палаталары өкілеттігінің толық тізбесі берілген және оны заңдармен кеңейту мүмкіндігі көзделмеген (Конституцияның 53-бабының 8) тармақшасы, 55-бабының 6) тармақшасы, 56-бабы 1-тармағының 4) тармақшасы).

Сонымен бірге, Парламент және оның Палаталары өздерінің конституциялық мәртебесі бойынша тұрақты түрде қызмет істейтін органдар болып табылады, олардың шешімдерін депутаттар Палаталардың бірлескен отырыстарында да, бөлек отырыстарында да дауыс беру арқылы қабылдайды. Депутаттардың Парламент жұмысына қатысуға міндетті екендігі, Парламентте жеке өзі ғана дауыс беруінің талап етілуі, дауыс беру құқығын басқа біреуге беруіне жол берілмеуі (Конституцияның 52-бабының 2-тармағы) шешім қабылдау үшін адам санының және депутаттардың тиісті дауыс санының жеткілікті болуы қажет екендігін көздейді, бұл Парламент пен оның Палаталары актілерінің заңдылығын айқындаушы фактор болып табылады. Өртүрлі жағдайларға қарай адам санының жеткілікті болмауы (депутаттардың орнынан түсуі, олардың мандатынан айрылуы және басқалары) Республика Президентінің Конституцияның 63-бабының 1-тармағына сәйкес Парламентті немесе Парламент Мәжілісін тарату туралы шешім қабылдауына себеп болуы мүмкін.

Жазылғанның негізінде, Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабы 1-тармағының 4) тармақшасын, "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 2737 Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 17-бабы 3-тармағының 1) тармақшасын, 31-33, 37-баптарын және 41-бабы 1-тармағының 2) тармақшасын басшылыққа алып,

### **Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі қаулы етеді:**

1. Парламенттің және оның Палаталарының жаңа конституциялық өкілеттіктері, "Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2007 жылғы 21 мамырдағы N 254-III Қазақстан Республикасы Заңының 2-бабының 1-тармағына сәйкес, үшінші сайланған Парламент Мәжілісінің өкілеттік мерзімі аяқталған сәттен бастап қолданысқа енгізіледі, Парламенттің немесе Парламент Мәжілісінің конституциялық өкілеттік мерзімі аяқталған кезде де, Республика Президенті оны таратып жіберген жағдайда өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде де олай істеу мүмкін болады.

"Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы үшінші сайланған Парламент

Мәжілісінің өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін немесе Республика Президенті Парламентті немесе Парламент Мәжілісін таратқан кезде өкілеттігі тоқтатылғанға дейін Парламентке және оның Палаталарына жаңа конституциялық өкілеттіктер алып, оларды жүзеге асыруына мүмкіндік бермейді.

2. Республика Конституциясы өзін-өзі таратуды Қазақстан Республикасы Парламентінің немесе Парламенті Мәжілісінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға негіз ретінде көздемейді.

3. Қазақстан Республикасының Президенті Конституцияға сай Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының төрағаларымен және Премьер-Министрімен консультациялардан кейін, өз бастамасымен де, Парламент депутаттарының өтініші бойынша да Парламентті немесе Парламент Мәжілісін таратуға хақылы.

4. Үшінші сайланған Парламент Мәжілісі таратылған жағдайда Парламент депутаттарына өкілеттік берудің жаңа тәртібін белгілейтін конституциялық нормалар қолданысқа енгізіледі. Бұл ретте Конституцияның 55-бабының 5) тармақшасына сай Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты Парламент Мәжілісінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылуына байланысты, ол уақытша болмаған кезеңде Республика Парламентінің конституциялық заңдар мен заңдар қабылдау жөніндегі функцияларын орындайды.

5. Қазақстан Республикасы Конституциясының 74-бабының 3-тармағына сәйкес қаулы оны қабылдаған күннен бастап күшіне енеді, шағымдануға жатпайды, Республиканың бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті және Қазақстан Республикасы Конституциясының 73-бабының 4-тармағында көзделген ретті ескере отырып, түпкілікті болып табылады.

6. Осы қаулы республикалық ресми басылымдарда қазақ және орыс тілдерінде жариялансын.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы*  
*К о н с т и т у ц и я л ы қ            К е ң е с і н і ң*

*Төрағасы*